Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша
Нысан
Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: **«Жеті Жарғы» қоғамдық
қорынан**
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өтініш беруші | | | | |
| 1. БСН | **190140009093** | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | **10 қаңтар 2019 жыл** | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | **«Жеті Жарғы» қоғамдық қоры** | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | **Атырау облысы, Атырау қаласы, Томарлы селосы, 9 көше, 17 үй** | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Тегі<br>**Құрметұлы** | Аты<br>**Абылай** | Әкесінің аты (болған жағдайда) | Лауазымы<br>**Төраға** |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | **2.2 Көзделген мақсаттарға жету үшін Қор келесі қызметтерді атқарады(қызметтің мәні):**<br>- Ұлттық құндылықты, соның ішінде ұлттық өнерді, ұлттық спортты, ұлттық аспаптарды насихаттау;<br>- Өңір жастарының жеке тұлға болып қалыптасуына, білім, ғылым, мәдениет, ағарту салаларында жәрдемдесу;<br>- Әлеуметтік жобаларды жасақтау;<br>- Білім және өнер бойынша семинарлар, көрмелер, фестивальдар ұйымдастыру;<br>- Еліміздің танымал адамдары мен өңір жастарының кездесуін ұйымдастыру;<br>- Халықтар мен мәдени мұраларын зерттеуде біртұтас жүйе құру, соның ішінде, қазіргі ұлттық мәдениетті әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді ұғыну<br>- Жастардың және балалардың бастамаларына ықпал жасау; | | | |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | барлық санаттағы жастар, мектеп оқушылары, мемлекеттік органдар – жастар ұйымдарының жетекшілері | | | |

| | |
|---|---|
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | **+7 701 147 00 94** |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | jetyjargy@bk.ru |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | Instagram:<br>https://www.instagram.com/jetijargy/ басты парақша<br>https://www.instagram.com/jetijargy.elorda/ Астана қаласы<br>https://www.instagram.com/jeti_jargy_almaty/ Алматы қаласы<br>https://www.instagram.com/jetijargyalmat/ Алматы облысы<br>https://www.instagram.com/jetijargy_mangystau/ Маңғыстау облысы<br>https://www.instagram.com/jetijargyqost/ Қостанай облысы<br>https://www.instagram.com/jetijargy_atyrau/ Атырау облысы<br>https://www.instagram.com/jetijargykzo/ Қызылорда облысы<br>https://www.instagram.com/jetijargy_pvl/ Павлодар облысы<br><br>Facebook:<br>https://www.facebook.com/profile.php?id=100079981613574 |

12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *
Ескерту.
* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске

| № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Басталуы | Аяқталуы | |
| 1. | Атырау облысы жастарының зияткерлік білім деңгейін арттыру | 10 291 000 | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес ұйымы | 06.2023 | 12.2023 | “Atyrau Quiz” куиз ойыны - Қызылқоға ауданы, Мақат ауданы, Жылыой ауданы, Махамбет ауданы, Құрманғазы ауданы, Атырау қаласы, Исатай ауданы, Индер ауданында іріктеу ойыны өтті. Облыстық финалда әр ауданнан іріктелген командалар ойнады. Нәтижесінде 564 жас қатысты.<br>“IQ conference” зияткерлік конференциясы 3 рет өткізілді. Әр шараға республикалық |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері. | | | | | | | спикерлер Есен Елеукен, Данияр Жігітбек, Алиева Эльмира қатысты. Шараға 550 жас қатысы.<br>“IQ guest” квест ойыны 3 мәрте жүргізілді. Шара барысында интеллектуалды және жылдам шешім қабылдайтын жастарды тарттық. Нәтижесінде 41 команда 205 жас қатысты.<br>“Fun Time” ауыспалы пікірсайыс кубогы 4 спикер, 315 қатысушымен өтті. Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптар қозғалып, жоғары дәрежеде өткізілді |
| | 2. | «Ұлттық Рухани жаңғыру» жобасы аясында «Orkeniet» жобасын іске асыру бойынша қызметтер | 8 690 000 | "Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы" ММ | 07.2023 | 12.2023 | «Orkeniet» жобасы аясында Атырау облысы жастарымен кездесу үшін теолог, психолог, дінтанушы Нұрлан имам Байжігітұлы, кәсіпкер, бизнес коуч, инвестор Роза Аширбаева, психолог, жиһангез блогер, «Өмірге шексіз ғашық», «Соңына дейін әйел» кітаптарының авторы Динара Болат, сценарист, редактор, жазушы, «Өмірдің аты – М» кітабының авторы Перизат Мырзахмет, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, адвокат Абзал Құспан, Бодибилдингтен әлем жүлдегері, Азия чемпионы, «Намыс дода» халықаралық теле шоуының жеңімпазы Акбар Жармағанбетов, «Work |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | and life» тренинг орталығының жетекшісі Нұрлан Азаматовпен 21 кездесу(7 рет облыс орталығы, 14 аудан жастар үшін) ұйымдастырылды. Барлығы 7 000-нан астам жас қатысты. |
| | 3. | Жастардың белсенді азаматтық ұстанымын, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, басқалардың пікіріне толеранттылықты қалыптастыру | 20 000 000 | «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес ұйымы | 03.2022 | 12.2022 | 3 республикалық маңызы бар қала және 14 облыстан филиал ашылып, координаторлар тағайындалды. «Дебат теориясы» тренингі, «The West» тікелей эфирі, «Meninshe Talk» диалогтық алаңы, «Testup» интеллектуалды тесттен өту, «Өзіңе сен» мотивациялық мастер-клас, «Funny Game» көрсетілім ойыны, «Possible» дөңгелек үстелі, «Jeti Jargy CUP» республикалық пікірсайыс турнирі, «TOT» тренерлерге арналған тренинг, «Open Air» мотивациялық фестиваль, республикалық «Білім-ринг» сайысы, оқушылар мен студенттер үшін тарихи жерлерге экскурсия 17 аймақта бірнеше рет ұйымдастырылып, 20 мыңнан астам жас қатысты. |
| | 4. | Облыстық пікірсайыс қозғалысын дамыту | 2 544 642,85 | Атырау қаласының Жастар ресурстық орталығы КММ | 03.2022 | 12.2022 | 1 рет республикалық пікірсайыс турнирі, 2 рет облыстық пікірсайыс турнир, 5 рет Fun Time ауыспалы пікірсайыс кубогы ұйымдастырылды. Жобамен |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | тікелей қатысушы 400 жас қамтылды. |
| | 5. | **Жастар арасында ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларға құрметін арттыру, шығармашыл жастарды біріктіре отырып байқау ұйымдастыру** | 1 050 000 | "Қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 05.2022 | 09.2022 | 5 бағыттан тұратын ұлттық құндылыққа негізделген сайыстар(садақ ату, бұқа тартыс және т.б.) ұйымдастырылды, барлығы 10 команда, 80 адам қатысты |
| | 6. | Жастарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру бойынша «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер | 138 780 000 | "Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы" ММ | 04.2022 | 11.2022 | 1756 жас уақытша маусымдық жұмысқа орналасты. Атырау қаласы және 7 ауданда 70 рет #TrushtagAtyrau акциясы, 24 рет #UpgradeAtyrau акциясы, 1 000 тал жеміс ағашын егу акциясы және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында 18 іс-шара ұйымдастырылды. |
| | 7. | «Fun Time» ауыспалы кубогына пікірсайыс алаңын ұйымдастыру | 499 000 | Атырау қаласының Жастар ресурстық орталығы КММ | 03.2021 | 11.2021 | жоба аясында Атырау облысының белсенді жастары және танымал қоғам қайраткерлері, пікірсайысшылары қатысқан 5 ойын – турнир өткізілді (Пікірсайысшы чемпиондар - Асхат Үмбетжан, Қасымов Абай, журналист - Нұрберген Мақым, шоумен, жүргізуші - Қуандық Досболатұлы, "DASS" продюсерлік орталығының жетекшісі - мұғалім Жансерік, грэплинг және жекпе-жектен спорт шебері - Әнуар Батаев, |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | шешендік өнер мектебінің жетекшісі - Нұрлан Азаматов, қоғам белсендісі Мөлдір Махмудаева және басқалар), 1 000-нан астам жас көрермендер |
| | 8. | **Рухани жаңғыру бағдарламасының "Дәстүр және ғұрып" арнайы жобасын насихаттау бойынша іс-шаралар кешенін өткізу** | 1 765 000 | "Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы" ММ | 06.2021 | 11.2021 | 15 ұлттық тағамның мәзірі толтырылып дайындалды, QR-код арқылы жастар арасында таратылды, «100 қазақ дәстүрі», «100 қазақ ұлттық тағамдары» ток-шоулары мен бағдарламалары, пікірталас турнирі және т. б. өткізілді. |
| | 9. | Рухани жаңғыру бағдарламасының "Үнем-Қоғам қуаты" арнайы жобасын насихаттау бойынша іс-шаралар кешенін өткізу | 1 542 900 | "Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы" ММ | 04.2021 | 12.2021 | 20-дан астам іс - шара өткізілді, адамдар көп жиналатын орындарда мақал-мәтелдері бар билбордтар ілінді, Zoom платформасында "Тайм-менеджмент" пікірталас турнирі, "Үнемдеудің 30 тәсілі" тренингтері, "Мақсаты айқынның- болашағы жарқын" атты ондаған кездесулер өткізілді |
| | 10. | Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарында кешенді іс-шаралар өткізу | 1 501 500 | "Қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 04.2021 | 12.2021 | "Жастар-сыбайлас жемқорлыққа қарсы" атты брейн-ринг ойындарының сериясы өткізілді, 6 адамнан тұратын 11 команда қатысты, сондай-ақ логотиптер мен суреттердің тематикалық конкурстары ұйымдастырылды, әлеуметтік бейнероликтер мен брошюралар дайындалып, таратылды |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 11. | Жастар арасында нашақорлық, темекі шегу, алкоголь, токсикоманияның зиянын түсіндіру бойынша іс-шаралар өткізу | 1 320 500 | "Қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 04.2021 | 12.2021 | Ақпараттық түсіндіру жұмыстары, үстел теннис турнирі, қалалық марафон және т. б. ұйымдастырылды. | |
| | 12. | Жастарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру бойынша «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары жобасын жүзеге асыру бойынша қызметтер | 83 490 100 | "Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі | 02.2021 | 11.2021 | Атырау қаласында, сондай-ақ Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат, Махамбет, Индер, Исатай, Жылыой аудандарында 1000 адам (студенттер, оқушылар, жұмыссыз жастар) жұмыспен қамтылды. 50 – ден астам экологиялық сенбіліктер, #Trashtagatyrau, #Upgradeatyrau, #PloggingAtyrau, "Таза жағалау-таза қала" ойын түріндегі акциялар мен тренингтер өткізілді | |
| | 13. | Жастарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру бойынша "Жасыл ел" жобасын іске асыру бойынша қызметтер | 83 918 820,55 | "Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасы" ММ | 04.2020 | 11.2020 | Атырау қаласында, сондай-ақ 7 ауданда 1000 адам (студенттер, оқушылар, жұмыссыз жастар) жұмыспен қамтылды. 50 – ден астам экологиялық сенбіліктер, #Trashtagatyrau, #Upgradeatyrau, #PloggingAtyrau, "Таза жағалау-таза қала" атты акциялар мен тренингтер өткізілді | |
| | 14. | «Жастар жылы» аясында пікірсайыс телевизиялық | 3 520 500 | "Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері | Мамыр 2019 | Қазан 2019 | "Қазақстан-Атырау" телеарнасында 16 "Meninshe" арнайы бағдарламасы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жобасын іске асыру бойынша қызметтер | | басқармасы" ММ | | | көрсетілді, жобаға 8 өңірден 16 команда қатысты |
| 15. | Облыстық пікірсайыс қозғалысын дамыту | 2 900 000 | Атырау қаласының Жастар ресурстық орталығы КММ | 03.2019 | 11.2019 | жоба аясында 1 республикалық, 3 облыстық (жеке: студенттер, жастар, оқушылар) пікірсайыс турнирі өткізілді, облыстың 7 ауданында шеберлік сыныптары және "Fun Time" ауыспалы пікірсайыс кубогының 5 ойыны ұйымдастырылды, тікелей қатысушылар 1,5 мыңнан астам жас |
| 16. | Қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік меңгерген жастардың арасындағы «Тілдарын» облыстық олимпиадасын ұйымдастыру қызметі | 850 000 | "Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" ММ | 08.2019 | 08.2019 | Көрсетілген картинаның мазмұнын ашу, мәтінге ілеспе аударма жасау, берілген тақырып бойынша эссе жазу бөлімдері бойынша 18-22 жас аралығындағы Атырау облысының жоғары және арнаулы білім беретін оқу орындарының және шетелдік университеттерде білім алып жатырған 12 студент қатысып төрешілер шешімімен жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Қатысушы көрермендер саны 50 адам |
| 17. | **«Абай оқулары» облыстық байқауын ұйымдастыру** | 789 000 | "Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" ММ | 05.2019 | 07.2019 | Көркем сөз оқу, прозалық және поэзиялық шығармалардан үзінді оқу бойынша 15 жас қатысып, әділқазылар шешімімен жеңімпаз жас республикалық жарысқа жолдама алды. Қатысушы көрермендер саны 300 адам. |

<table>
<tr><td></td><td>
<table>
<tr><td>18.</td><td>Мәдени-көпшілік шара – Қазақстан халқы тілдерінің облыстық фестивалін ұйымдастыру</td><td>1 517 000</td><td>"Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" ММ</td><td>08.2019</td><td>09.2019</td><td>Қазақстан халқы тілдері күніне орай облыстағы тілдің дамуына үлес қосып жүрген 18 белсенді азамат марапатталды. Қатысушы көрермендер саны 300 адам.</td></tr>
<tr><td>19.</td><td>А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілі пәні оқытушылары арасындағы «Үздік оқытушы» байқауын ұйымдастыру</td><td>892 857</td><td>"Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы" ММ</td><td>06.2019</td><td>07.2019</td><td>Бейне таныстырылымын таныстыру, талдау, қорытынды шығару, педагогикалық-психологиялық жағдаяттарға арналған тапсырмалар, аудиторияда сабақ үлгісін көрсету бағыттары бойынша 20 жас мұғалім қатысып, бақ сынасты. Қатысушы көрермендер саны 150 адам</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td colspan="2">2. Әлеуметтік жобаның командасы</td></tr>
<tr><td>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</td><td>Құрметұлы Абылай<br>Жоба және жоба командасының жетекшісі</td></tr>
<tr><td>2. Жұмыс тәжірибесі</td><td>- 2023 ж. желтоқсан – б.к.д.: Атырау облысы Жастар мәслихаты төрағасы<br>- 2021 ж. қыркүйек – б.к.д: AMANAT партиясы жанындағы «Жастар Рухы» ЖҚ АОФ төрағасы;<br>- 2021 ж. қаңтар – қыркүйек: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Әлеуметтік мәселелер және жастармен жұмыс жөніндегі бөлім жетекшісі<br>- 2020 ж. қаңтар – қараша: С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті Жастар саясаты және мәдениет бөлімінің жетекшісі;<br>- 2019 ж. – б.к.д.: «Жеті Жарғы» қоғамдық қорының төрағасы<br>- 2018 ж. – 2021 ж.: «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы облыстық штабы жетекшісі;<br>- 2018 ж. – 2019 ж. «Жас Отан» Жастар Қанаты Атырау қалалық филиалының төрағасы;<br>- 2017 ж.: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Жастар саясаты департаменті спорттық – сауықтыру бөлімі меңгерушісі;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | - 2017 ж. – 2019 ж.: «Айтыс» қоғамдық қорының директоры;<br>- 2016 ж. Атырау мұнай және газ университеті, заңгер көмекшісі; |
| 3. Қосымша мәліметтер | **Білімі:**<br>• Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті; Құқықтану;<br>• Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті; Тарих, магистрант;<br>**Жетістігі:**<br>• «Ел үміті» номинациясы иегері<br>• Облыстық патриоттар форумы «Жастық жігер» номинациясы;<br>• "KazGUU Cup X" халықаралық пікірсайыс турнирі I орын;<br>• "ENU CUP IX " халықаралық пікірсайыс турнирі I орын;<br>• Актау республикалық пікірсайыс турнирі Үздік Спикер және т.б.<br>2016 жылы құрылған «Атырау пікірсайыс орталығының» құрылтайшысы. Осы қозғалыстың нәтижесінде жыл сайын 20-дан астам әр түрлі деңгейдегі пікірсайыс турнирлері ұйымдастырылып отырады. Линкольн-Дуглас форматында өтетін «Fun Time» ауыспалы пікірсайыс кубогының негізін салушы. Бүгінгі күнге дейін қоғам белсенділері, кәсіпкерлер, танымал азаматтар, белсенді жастардың қатысуымен 30-ға жуық ойын өткізілді. Атырау облысында өтетін «Tez Tap», «BasTime», «Қазақша Quiz» интеллектуалды квиз ойындарына қатысушы, бірнеше ойындарда жеңімпаз атанған. Әр түрлі деңгейдегі семинарда, тренингте, спикер, модератор қызметін атқарған. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Instagram: https://www.instagram.com/abylai_kurmet/<br>Facebook: https://www.facebook.com/abylaikurmet/ |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Панабердиев Серікбол Мұратханұлы**<br>*менеджер, қоғаммен байланыс жөніндегі маман* |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2013-2022 жылдары "Нарын таңы", "Атырау" газеттерінде және Atyraupress сайтында тілші болды.<br>2023 жылдан бастап “Атырау-Ақпарат” медиа холдингінде бренд-менеджер. |
| 3. Қосымша мәліметтер | Облыстық, республикалық ақындар айтысының жеңімпаз, жүлдегері. Егемендік күніне арналған “Егемендігім - ерен ерлігім” республикалық ақындар айтысының 1 орын иегері. Қазақстан журналистер Одағының, Қазақстан Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық Одағының мүшесі. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100012602254150<br>Instagram: https://www.instagram.com/serikbolpanaberdiev/ |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | **Естанов Дәулет Нұрланұлы**<br>*әкімшілік бөлім бойынша менеджер (бухгалтерия, шаруашылық)* |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | - 2016 ж. - 2019 ж.: Qazaq Air АҚ, Бухгалтер-кассир<br>- 2015 ж. Қыркүйек - 2016 ж. қыркүйек: Study Inn Алматы, Бухгалтер-кассир; |

| | |
|---|---|
| | - 2014 ж. Желтоқсан - 2015 ж. Сәуір: Sulpak Казахстан, Есеп айырысуды салыстыру бойынша Бухгалтер;<br>- 2014 ж. Сәуір - 2014 ж. Қазан: Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті. Есепші |
| 3. Қосымша мәліметтер | Біліктілікті арттыру, курстар:<br>2014 ж.: «Жаңадан бастаушыларға арналған бухгалтерлік есеп: ХҚЕС элементтері бар Бухгалтерлік есеп негіздері, «1С: Кәсіпорын» 8.2 жүйесіндегі жұмыс, өндірістік және сауда есебі. Салықтар, салық салу, салық есептілігін қалыптастыру;<br>- 2012 ж.: «UIB үздік студенті» номинациясы;<br>- 2013 ж.: «UIB үздік түлегі» номинациясы<br>- «Азамат жастар парламенті» телевизиялық клубының мүшесі:<br>- Көптеген қалалық және республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпазы. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | Instagram: https://www.instagram.com/daulet_yestan/<br>Facebook: https://www.facebook.com/profile.php?id=100008364062882 |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | «Бұлақ көрсең -көзін аш» айтыс ақындары мен эпостық жырларды орындаудан метеп оқушылары мен жастар арасында сайыс |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | «Бұлақ көрсең -көзін аш» айтыс ақындары мен эпостық жырларды орындаудан сайыс |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | Айтыс ықылым заманнан бері сайын даланы мекен еткен қазақ атты халықтың айнымас серігі, ақылшысы, сарапшысы, өткір құралы іспетті. Ол сөз өнері ғана емес, тапқырлық пен ұшқыр ой, көсемдік пен шешендік ұштасқан тіл, діл, ұлт мектебі, өткірлік баспалдағы деп бағаланып келгенін көзі қарақты жұртшылықтың бәрі біледі. Осы қасиеттің барлығын бойында сақтап, ғасырдан ғасырға, заманына сай өзгеріп отыруы заңдылық. Уақыт талабы, қоғам көзқарасының бедері айтысқа сіңіп, көрініс тауып отырады. Сондықтан да айтыс өнерінің ұрпақтан-ұрпаққа таралуын ойлау, сол үшін де кейінгі буынның санасына сіңіріп отыру әр толқынның ұлт алдындағы міндеті десек, қателеспеген болар едік.<br>Зобалаң жылдарда елмен бірге қуғын-сүргін көріп, жойылып кете жаздап барып, қайта оралған айтыс өзінің бұрынғы қара қылды қақ жарып айтып салатын өткірлігінен, тура жолдан таймайтын дала демократиясына, яғни, халыққа арқа сүйейтін сенімінен айрыла қойған жоқ. Айтыс өнерін өркендетуде бабалар жолын кейінгі толқынға насихаттау арқылы ұрпақ сабақтастығын сақтау ләзім. |

| | |
|---|---|
| | Ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің бірден-бір құралы бабадан қалған асыл сөзді қаймағы бұзылмаған қалпы кейінгі буынның саналарына сіңіру десек, айтыс - соған бастайтын төте жол. Өйткені, айтыста қазақтың асыл мұрасы - жыраулық өнердің негізі бар. Табан астында ой тауып, ат сүрінген ше уәж айтып үлгеретін ұшқырлықпен қатар, ұлттық салт-дәстүр мен жөн-жоралғыдан жаңылыспай, тыңдарманның ойын тап басатын тапқырлық, қоғамның қай тұсын да қамти жырлайтын көсемдік пен шешендік секілді асыл қасиеттер осы сөз додасына ғана тән дүние.<br>Сондықтан да ұлттың ұлылығын сақтау тіл тазалығында десеңіз, ана тілі мен ата дәстүрді қорғау жыраулық һәм айтыс өнерін өркендетумен жолға қойылмақ.<br>Батырлар жыры – көлемі жағынан да, мазмұн-мәні жағынан да қазақ ауыз әдебиетінен ауқымды орын алатын жанрдың бірі. Батырлар жырында тарихи оқиғалардың ізі сақталған. Батырлар жырының басты тақырыбы – ерлік, батырлық, елді сыртқы жаулардан қорғау. Батырлар жырының басты қаһарманы – батыр.<br>Лиро-эпостық (ғашықтық) жырлар – халық ауыз әдебиетінің мол рухани қазынасы. Лиро-эпос жырлары ауыз әдебиетінің классикалық дәрежеге көтерілген нұсқасы болып табылады. Лиро-эпостық *лирика* мен *эпикалық тектер* элементтерін бірдей қамтитын шығармалар деген ұғымды білдіреді. Лиро-эпостық жырларға «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Күлше қыз» шығармалары жатады. Лиро-эпостық жырлары мен батырлар жырының өзіне тән ерекшеліктері бар.<br>Лиро-эпостық жырлардың басты тақырыбы – жастардың бас бостандығы, екі жастың арасындағы махаббат, сүйіспеншілік. Кейіпкерлері батырлар емес, қарапайым адамдар. Ғашықтық жырларында көшпелі қазақ тіршілігі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, әдет-ғұрып, салт-сана кең түрде жырланады. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында қазақ халқының өте ертедегі «еже-қабыл» салты (ата-аналары әлі өмірге келмеген сәбилерді атастырып, белқұда болып қояды), «Қыз Жібек» жырында қазақ халқының көшпелі өмірі мен әмеңгерлік, «Айман-Шолпан» жырында барымта салты көрініс тапқан.<br>Жоғарыда айтылғандарға талдау жасай отырып, біздің ұйымның негізгі мақсаты, оқушылар мен жастар арасында ұмытылып бара жатқан эпостық жырлар жанрын жаңғырту. Айтыс өнеріне ынталы оқушылардың бойына эпостық жырларды сіңіру.<br>Қазақ ауыз әдебиетін дамыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тарихын эпостық жырлар арқылы насихаттау. Бұл жобаның ең басты мақсаты- ауылдық елді мекендердегі танылмай жатқан талантты жастарды іздеп табу.<br><br>Пайдаланылған ақпарат көздері:<br>https://itest.kz/kz/ent/qazaq-adebieti/halyq-auyz-adebieti/lecture/batyrlar-zhyry-men-liro-epostyq-zhyrlar<br>https://ulagat.com/2020/12/20/%D1%8D%D0%BF%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8B%D2%9B-%D0%B6%D1%8B%D1%80%D0%BB%D0%B0%D1%80/<br>https://atpress.kz/kk/news/madeniet/atyrauda-oqushylar-men-ustazdar-arasynda-aytys-otti |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Оқушылар мен жастар арасында ұмытылып бара жатқан эпостық жырлар жанрын жаңғырту. Айтыс өнеріне ынталы оқушылардың бойына эпостық жырларды сіңіру. |

| | |
|---|---|
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Мүдделі оқушылар мен жастар үшін айтыс ақындары мен эпикалық әндерді орындау бойынша 4 мастер класс және оқыту сессияларын ұйымдастыру *(іс-шарада кемінде 200 қатысушы);*<br>2. «Бұлақ көрсең - көзін аш» іріктеу конкурсын бейне форматта *(қатысушылар айтыс және эпостық жыр өнеріндегі өз таланттарын көрсететін роликтерді арнайы поштаға жібереді)* мектеп және жастар бірлестіктері деңгейінде жарыстың негізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау үшін форматта өткізу *(негізгі іріктеуге өтінімдердің саны кемінде 100 қатысушы);*<br>3. Қазылар алқасы мен көрермендер алдында айтыс ақындары мен эпос жырларын орындайтын бірінші іріктеу кезеңінен өткен оқушылар үшін «Бұлақ көрсең - көзін аш» конкурсын өткізу *(негізгі конкурсқа өткен кемінде 20 қатысушы, жүлде қоры:1 орын - 250 000 теңге; 2 орын - 180 000 теңге; 3 орын - 120 000 теңге.);*<br>4. Сахнада өнер көрсету, дайындау және жеңімпаздарды сұхбат жүргізу кадрларымен сәтті кейстердің роликін жасау *(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым);*<br>5. Қазақ халқы үшін айтыстың және эпостық жырлардың мәдени және әлеуметтік маңызын, оның дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен берудегі рөлін түсіндіретін 1 бейнеролик жасау *(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым).* |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **1-міндет. Мүдделі оқушылар мен жастар үшін айтыс ақындары мен эпикалық әндерді орындау бойынша 4 мастер класс және оқыту сессияларын ұйымдастыру *(іс-шарада кемінде 200 қатысушы)*;**<br>**№1 іс-шара.** Облысқа қарасты аудан және қала мектептерінен мүдделі оқушыларды анықтау үшін облыстық білім беру басқармасына хат жолдап, жас таланттар тізімін бекіту.<br>**№2 іс-шара**. Аудандық және қалалық мәдениет бөлімдерімен бірлесіп, эпикалық әндер мен айтыс өнеріне бейім жастарды анықтап, тізімдерін жасақтау.<br>**№3 іс-шара.** Эпикалық әндер мен айтыс өнерінен мастер класс пен оқыту сессияларын өткізетін өнер иелерімен келіссөз жүргізіп, өтетін күндерін, орындарын белгілеу.<br>**№4 іс-шара.** Барлығын қоса алғанда, кемінде 200 қатысушыға мастер класс және оқыту сессияларын өткізу бойынша қабылдау.<br><br>**2-міндет. «Бұлақ көрсең - көзін аш» іріктеу конкурсын бейне форматта *(қатысушылар айтыс және эпостық жыр өнеріндегі өз таланттарын көрсететін роликтерді арнайы поштаға жібереді)* мектеп және жастар бірлестіктері деңгейінде жарыстың негізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау үшін бейне форматта өткізу *(негізгі іріктеуге өтінімдердің саны кемінде 100 қатысушы);***<br>**№1 іс-шара.** Әлеуметтік желілер арқылы жарыстың өтетін бағыттары мен критерийлерін жариялау.<br>**№2 іс-шара.** Желілердегі жарнамадан бөлек, аудандық, қалалық білім ошақтарымен байланыса отырып, айтыс, эпостық жырлар орындауға қабілетті оқушыларды анықтау және жарыстың алғашқы кезеңіне тіркеу.<br>**№3 іс-шара.** Қатысушыларды қабылдау және жарыстың алғашқы кезеңіне ұсынылатын шығармалардың талабын сақтауын қадағалау. Қажет кезінде қатысушылармен кері байланыс орнатып, материалдардың сапалы болуын қадағалау.<br>**№4 іс-шара:** Қатысушылардың электронды поштаға келіп түскен видео форматтағы шығармаларын арнайы мамандардың көмегімен сараптап, іріктеу кезеңінен өткен өнерпаздарды анықтау. |

| | |
|---|---|
| | **3-міндет. Қазылар алқасы мен көрермендер алдында айтыс ақындары мен эпос жырларын орындайтын бірінші іріктеу кезеңінен өткен оқушылар үшін «Бұлақ көрсең - көзін аш» конкурсын өткізу** ***(негізгі конкурсқа өткен кемінде 20 қатысушы, жүлде қоры:1 орын - 250 000 теңге; 2 орын - 180 000 теңге; 3 орын - 120 000 теңге.);***<br>**№1 іс-шара.** Шара өтетін күні мен орнын анықтап, әлеуметтік желілерге афишалар жариялау.<br>**№2 іс-шара.** Өтетін орынды жасақтау. Шараның сценарийін дайындау.<br>**№3 іс-шара.** Сайысқа әділ төрелік ететін қазылар алқасын бекіту. Қазылық құрамына жыр, айтыс өнеріне баға бере алатын мамандарды енгізу және олардың бағалау критерийлеріне алдын ала қадағалау.<br>**№4 іс-шара:** Шараның өту барысы мен мақсатын насихаттау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді таныту үшін облыстық БАҚ арқылы ақпараттандыру.<br><br>**4-міндет. Сахнада өнер көрсету, дайындау және жеңімпаздарды сұхбат жүргізу кадрларымен сәтті кейстердің ролигін жасау** ***(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым);***<br>**№1 іс-шара.** Оқушыларға алдын ала бағыт-бағдар беріп, жеңімпаз-жүлдегерлерді бейне сұхбатқа дайындау.<br>**№2 іс-шара.** Көрермендер арасынан және қазылар алқасы құрамынан шараның өтуі және сайыскерлердің деңгейі жайында қысқа сұхбат ұйымдастыру.<br>**№3 іс-шара.** Бейнероликті әлеуметтік желілердегі түрлі парақшаларға таратып, қаралым санын арттыру.<br><br>**5-міндет. Қазақ халқы үшін айтыстың және эпостық жырлардың мәдени және әлеуметтік маңызын, оның дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен берудегі рөлін түсіндіретін 1 бейнеролик жасау** ***(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым).***<br>**№1 іс-шара:** Бейнероликті дайындау үшін кәсіби деңгейдегі мамандармен келіссөз жүргізу.<br>**№2 іс-шара:** Бейнероликтің сценарийін жазу. Онда дәстүрлі өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі атқарар рөлін ашып көрсетуге тырысу. "Ұлт құндылықтарын жастардың санасына сіңіру үшін не істеуіміз керек?" деген сауалға жауап іздеу.<br>**№3 іс-шара:** Эпостық жырларды жаттау, айтыс өнерін дамыту, қазіргі айтыстың ерекшелігі немесе кенжелеп қалған тұстары туралы ойлары мен сыни-пікірлерін ашық айтатын мамандардан сұхбат алу.<br>**№4 іс-шара:** Аталған бейнероликті әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы таратып, қаралымын арттыру. |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Атырау облысы |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | 2024 жыл 1 қыркүйек |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | 2024 жыл 30 қараша |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Атырау облысының мектеп оқушылары мен 14-35 жас аралығындағы жастары |

| | | |
|---|---|---|
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Жоба шеңберінде Атырау облысында тікелей қамтылған саны 200-ден кем емес оқушылар арасында ұмытылып бара жатқан эпостық жырлар жанрын жаңғырту | |
| Сандық нәтижелері | 1. Мүдделі оқушылар мен жастар үшін айтыс ақындары мен эпикалық әндерді орындау бойынша 4 мастер класс және оқыту сессияларын ұйымдастыру *(іс-шарада кемінде 200 қатысушы);*<br>2. «Бұлақ көрсең - көзін аш» іріктеу конкурсын бейне форматта *(қатысушылар айтыс және эпостық жыр өнеріндегі өз таланттарын көрсететін роликтерді арнайы поштаға жібереді)* мектеп және жастар бірлестіктері деңгейінде жарыстың негізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау үшін форматта өткізу *(негізгі іріктеуге өтінімдердің саны кемінде 100 қатысушы);*<br>3. Қазылар алқасы мен көрермендер алдында айтыс ақындары мен эпос жырларын орындайтын бірінші іріктеу кезеңінен өткен оқушылар үшін «Бұлақ көрсең - көзін аш» конкурсын өткізу *(негізгі конкурсқа өткен кемінде 20 қатысушы, жүлде қоры:1 орын - 250 000 теңге; 2 орын - 180 000 теңге; 3 орын - 120 000 теңге.);*<br>4. Сахнада өнер көрсету, дайындау және жеңімпаздарды сұхбат жүргізу кадрларымен сәтті кейстердің ролигін жасау *(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым);*<br>5. Қазақ халқы үшін айтыстың және эпостық жырлардың мәдени және әлеуметтік маңызын, оның дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен берудегі рөлін түсіндіретін 1 бейнеролик жасау *(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым).*<br>Тікелей қамту: кемінде 200 жас<br>Ақпараттық қамту: кемінде 10 000 адам | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | - Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушылармен кемінде 1 фокус-топтық талқылау | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*<br>* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтырлады және серіктестердің хаттарымен расталады | Серіктес | Қолдау түрі |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | **№1 іс-шара.** Жоба аясындағы барлық іс-шаралар және жүзеге асқан жұмыстар әлеуметтік желі арқылы жарияланатын болады<br>**№2 іс-шара**. Өткен іс шаралар бойынша бір минутқа дейінгі ролик дайындалып жарияланады<br>**№3 іс-шара.** Қажетті іс-шараларға Бұқаралық ақпарат құралдары шақырылады. | |
| 4. Күнтізбелік жоспар | | |
| | | |

| № Р\с | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **1-міндет. Мүдделі оқушылар мен жастар үшін айтыс ақындары мен эпикалық әндерді орындау бойынша 4 мастер класс және оқыту сессияларын ұйымдастыру** ***(іс-шарада кемінде 200 қатысушы)*****;** | **№1 іс-шара.** Облысқа қарасты аудан және қала мектептерінен мүдделі оқушыларды анықтау үшін облыстық білім беру басқармасына хат жолдап, жас таланттар тізімін бекіту. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Облысқа қарасты аудан және қала мектептерінен мүдделі оқушыларды анықтау үшін облыстық білім беру басқармасына хат жолдап, жас таланттар тізімін бекіту. |
| | | **№2 іс-шара**. Аудандық және қалалық мәдениет бөлімдерімен бірлесіп, эпикалық әндер мен айтыс өнеріне бейім жастарды анықтап, тізімдерін жасақтау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Аудандық және қалалық мәдениет бөлімдерімен бірлесіп, эпикалық әндер мен айтыс өнеріне бейім жастарды анықтап, тізімдерін жасақтау. |
| | | **№3 іс-шара.** Эпикалық әндер мен айтыс өнерінен мастер класс пен оқыту сессияларын өткізетін өнер иелерімен келіссөз жүргізіп, өтетін күндерін, орындарын белгілеу. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Эпикалық әндер мен айтыс өнерінен мастер класс пен оқыту сессияларын өткізетін өнер иелерімен келіссөз жүргізіп, өтетін күндерін, орындарын белгілеу. |
| | | **№4 іс-шара.** Барлығын қоса алғанда, кемінде 200 қатысушыға мастер класс және оқыту сессияларын өткізу бойынша қабылдау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Барлығын қоса алғанда, кемінде 200 қатысушыға мастер класс және оқыту сессияларын өткізу бойынша қабылдау. |
| 2 | **2-міндет. «Бұлақ көрсең - көзін аш» іріктеу конкурсын бейне форматта** ***(қатысушылар айтыс және эпостық жыр өнеріндегі өз таланттарын көрсететін роликтерді арнайы поштаға жібереді)*** **мектеп және жастар бірлестіктері деңгейінде жарыстың негізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау үшін бейне** | **№1 іс-шара.** Әлеуметтік желілер арқылы жарыстың өтетін бағыттары мен критерийлерін жариялау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Әлеуметтік желілер арқылы жарыстың өтетін бағыттары мен критерийлерін жариялау. |
| | | **№2 іс-шара.** Желілердегі жарнамадан бөлек, аудандық, қалалық білім ошақтарымен байланыса отырып, айтыс, эпостық жырлар орындауға қабілетті оқушыларды анықтау және жарыстың алғашқы кезеңіне тіркеу. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Желілердегі жарнамадан бөлек, аудандық, қалалық білім ошақтарымен байланыса отырып, айтыс, эпостық жырлар орындауға қабілетті оқушыларды анықтау және жарыстың алғашқы кезеңіне тіркеу. |
| | | **№3 іс-шара.** Қатысушыларды қабылдау және жарыстың алғашқы кезеңіне ұсынылатын шығармалардың талабын сақтауын қадағалау. Қажет кезінде қатысушылармен кері байланыс орнатып, материалдардың сапалы болуын қадағалау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Қатысушыларды қабылдау және жарыстың алғашқы кезеңіне ұсынылатын шығармалардың талабын сақтауын қадағалау. Қажет кезінде қатысушылармен кері байланыс орнатып, материалдардың сапалы болуын қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **форматта өткізу** ***(негізгі іріктеуге өтінімдердің саны кемінде 100 қатысушы);*** | **№4 іс-шара:** Қатысушылардың электронды поштаға келіп түскен видео форматтағы шығармаларын арнайы мамандардың көмегімен сараптап, іріктеу кезеңінен өткен өнерпаздарды анықтау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Қатысушылардың электронды поштаға келіп түскен видео форматтағы шығармаларын арнайы мамандардың көмегімен сараптап, іріктеу кезеңінен өткен өнерпаздарды анықтау. |
| 3 | **3-міндет. Қазылар алқасы мен көрермендер алдында айтыс ақындары мен эпос жырларын орындайтын бірінші іріктеу кезеңінен өткен оқушылар үшін «Бұлақ көрсең - көзін аш» конкурсын өткізу** ***(негізгі конкурсқа өткен кемінде 20 қатысушы, жүлде қоры:1 орын - 250 000 теңге; 2 орын - 180 000 теңге; 3 орын - 120 000 теңге.);*** | **№1 іс-шара.** Шара өтетін күні мен орнын анықтап, әлеуметтік желілерге афишалар жариялау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Шара өтетін күні мен орнын анықтап, әлеуметтік желілерге афишалар жариялау. |
| | | **№2 іс-шара.** Өтетін орынды жасақтау. Шараның сценарийін дайындау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Өтетін орынды жасақтау. Шараның сценарийін дайындау. |
| | | **№3 іс-шара.** Сайысқа әділ төрелік ететін қазылар алқасын бекіту. Қазылық құрамына жыр, айтыс өнеріне баға бере алатын мамандарды енгізу және олардың бағалау критерийлеріне алдын ала қадағалау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Сайысқа әділ төрелік ететін қазылар алқасын бекіту. Қазылық құрамына жыр, айтыс өнеріне баға бере алатын мамандарды енгізу және олардың бағалау критерийлеріне алдын ала қадағалау. |
| | | **№4 іс-шара:** Шараның өту барысы мен мақсатын насихаттау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді таныту үшін облыстық БАҚ арқылы ақпараттандыру. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Шараның өту барысы мен мақсатын насихаттау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді таныту үшін облыстық БАҚ арқылы ақпараттандыру. |
| 4 | **4-міндет. Сахнада өнер көрсету, дайындау және жеңімпаздарды сұхбат жүргізу кадрларымен сәтті кейстердің ролигін жасау** ***(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым);*** | **№1 іс-шара.** Оқушыларға алдын ала бағыт-бағдар беріп, жеңімпаз-жүлдегерлерді бейне сұхбатқа дайындау. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Оқушыларға алдын ала бағыт-бағдар беріп, жеңімпаз-жүлдегерлерді бейне сұхбатқа дайындау. |
| | | **№2 іс-шара.** Көрермендер арасынан және қазылар алқасы құрамынан шараның өтуі және сайыскерлердің деңгейі жайында қысқа сұхбат ұйымдастыру. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Көрермендер арасынан және қазылар алқасы құрамынан шараның өтуі және сайыскерлердің деңгейі жайында қысқа сұхбат ұйымдастыру. |
| | | **№3 іс-шара.** Бейнероликті әлеуметтік желілердегі түрлі парақшаларға таратып, қаралым санын арттыру. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Бейнероликті әлеуметтік желілердегі түрлі парақшаларға таратып, қаралым санын арттыру. |
| 5 | **5-міндет. Қазақ халқы үшін айтыстың және эпостық жырлардың** | **№1 іс-шара:** Бейнероликті дайындау үшін кәсіби деңгейдегі мамандармен келіссөз жүргізу. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Бейнероликті дайындау үшін кәсіби деңгейдегі мамандармен келіссөз жүргізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мәдени және әлеуметтік маңызын, оның дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен берудегі рөлін түсіндіретін 1 бейнеролик жасау** ***(ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым).*** | **№2 іс-шара:** Бейнероликтің сценарийін жазу. Онда дәстүрлі өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі атқарар рөлін ашып көрсетуге тырысу. "Ұлт құндылықтарын жастардың санасына сіңіру үшін не істеуіміз керек?" деген сауалға жауап іздеу. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Бейнероликтің сценарийін жазу. Онда дәстүрлі өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі атқарар рөлін ашып көрсетуге тырысу. "Ұлт құндылықтарын жастардың санасына сіңіру үшін не істеуіміз керек?" деген сауалға жауап іздеу. |
| | | **№3 іс-шара:** Эпостық жырларды жаттау, айтыс өнерін дамыту, қазіргі айтыстың ерекшелігі немесе кенжелеп қалған тұстары туралы ойлары мен сыни-пікірлерін ашық айтатын мамандардан сұхбат алу. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Эпостық жырларды жаттау, айтыс өнерін дамыту, қазіргі айтыстың ерекшелігі немесе кенжелеп қалған тұстары туралы ойлары мен сыни-пікірлерін ашық айтатын мамандардан сұхбат алу. |
| | | **№4 іс-шара:** Аталған бейнероликті әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы таратып, қаралымын арттыру. | 1 қыркүйек 2024 жыл | 30 қараша 2024 жыл | Аталған бейнероликті әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы таратып, қаралымын арттыру. |

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

| № | Шығыстардың баптары | Өлшем бірлігі | Саны | Құны, теңге | Барлығы, теңге | Қаржыландыру көздері | | Негіздеме/түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Өтініш беруші (жеке салым) | Грант қаражаты | |
| 1 | **Әкімшілік шығындар:** | | | | **1399320** | | **1399320** | |
| | Жалақы соның ішінде: | | | | **1354320** | | **1354320** | |
| | Жоба жетекшісі (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | ай | 3 | 180 000 | 540000 | | 540000 | |
| | Жоба қоғаммен байланыс жөніндегі маманы (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | ай | 3 | 100 000 | 300000 | | 300000 | |
| | Ұйым есепшісі (міндетті зейнетақы жарнасы, жеке табыс салығы және міндетті медициналық сақтандыру жарнасы) | ай | 3 | 120 000 | 360000 | | 360000 | |
| | Әлеуметтік аударымдар | ай | 3 | 12 600 | 37800 | | 37800 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмыс берушінің өз мамандары үшін міндетті зейнетақы жарналары | ай | 3 | 6 000 | 18000 | | 18000 | |
| | Міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар | ай | 3 | 12 000 | 36000 | | 36000 | |
| | Әлеуметтік салық | ай | 3 | 20 840 | 62520 | | 62520 | |
| | **Басқа да шығыстар, оның ішінде:** | | | | **45000** | | **45000** | |
| | Кеңсе тауарлары | ай | 3 | 15 000 | 45000 | | 45000 | |
| **2** | **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:** | | | | **599180** | | **599180** | |
| | Акустическая система | дана | 1 | 288 490 | 288490 | | 288490 | |
| | Петличка микрофон | дана | 1 | 22 926 | 22926 | | 22926 | |
| | Микшерный пульт | дана | 1 | 287 764 | 287764 | | 287764 | |
| **3** | **Тікелей шығындар:** | | | | **4001500** | | **4001500** | |
| | **Мүдделі оқушылар мен жастар үшін айтыс ақындары мен эпикалық әндерді орындау бойынша 4 мастер класс және оқыту сессияларын ұйымдастыру (іс-шарада кемінде 200 қатысушы);** | | | | **1870500** | | **1870500** | |
| | Шеберлік сағатын жүргізуші маманға қаламақы | қызмет | 8 | 140 000 | 1120000 | | 1120000 | |
| | Аудандарға транспорт қызметі | қызмет | 3 | 40 000 | 120000 | | 120000 | |
| | Шеберлік сағатын ұйымдастырушылары түскі асы | қызмет | 3 | 20 000 | 60000 | | 60000 | |
| | Шара дизайны | қызмет | 4 | 30 000 | 120000 | | 120000 | |
| | Қатысушыларға таратпа ақпараттық материалдар | дана | 250 | 430 | 107500 | | 107500 | |
| | Фото/мобилографиялық видео | қызмет | 4 | 70 000 | 280000 | | 280000 | |
| | Баннер ( 5*3 метр * 1 дана, 3*2 метр * 1 дана) | кв.м | 21 | 3 000 | 63000 | | 63000 | |
| | **«Бұлақ көрсең - көзін аш» іріктеу конкурсын бейне форматта (қатысушылар айтыс және эпостық жыр өнеріндегі өз** | | | | **270000** | | **270000** | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **талanттарын көрсететін роликтерді арнайы поштаға жібереді) мектеп және жастар бірлестіктері деңгейінде жарыстың негізгі кезеңіне қатысушыларды анықтау үшін форматта өткізу (негізгі іріктеуге өтінімдердің саны кемінде 100 қатысушы)** | | | | | | | |
| | Бейне формат конкурс комиссиясы қаламақысы | қызмет | 5 | 30 000 | 150000 | | 150000 | |
| | Фото/мобилографиялық видео | қызмет | 1 | 70 000 | 70000 | | 70000 | |
| | Комиссия отырысы кофе брейк | қызмет | 1 | 50 000 | 50000 | | 50000 | |
| | **Қазылар алқасы мен көрермендер алдында айтыс ақындары мен эпос жырларын орындайтын бірінші іріктеу кезеңінен өткен оқушылар үшін «Бұлақ көрсең - көзін аш» конкурсын өткізу** | | | | **1441000** | | **1441000** | |
| | Конкурс жеңімпаздарының жүлде қоры (1 орын - 250 000 теңге; 2 орын - 180 000 теңге; 3 орын - 120 000 теңге.) | комплект | 1 | 550 000 | 550000 | | 550000 | |
| | Конкурс қатысушыларына ынталандыру сыйлығы(14 адам * 20 000 теңге=340 000 тг) | комплект | 1 | 280 000 | 280000 | | 280000 | |
| | Концерттік бағдарлама ұйымдастыру | қызмет | 1 | 200 000 | 200000 | | 200000 | |
| | Қазылар алқасы қаламақысы | қызмет | 5 | 50 000 | 250000 | | 250000 | |
| | Жүргізуші қаламақысы | қызмет | 1 | 50 000 | 50000 | | 50000 | |
| | Фото | қызмет | 1 | 35 000 | 35000 | | 35000 | |
| | Конкурс дизайны | комплект | 1 | 40 000 | 40000 | | 40000 | |
| | Баннер (3*4 метр * 1 шара) | кв.м | 12 | 3 000 | 36000 | | 36000 | |
| | **Сахнада өнер көрсету, дайындау және жеңімпаздарды сұхбат** | | | | **160000** | | **160000** | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **жүргізу кадрларымен сәтті кейстердің ролигін жасау (ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым)** | | | | | | | |
| | Сапалы видео дайындау | қызмет | 1 | 100 000 | 100000 | | 100000 | |
| | Әлеуметтік желіде танымал парақшада жариялау | қызмет | 2 | 30 000 | 60000 | | 60000 | |
| | **Қазақ халқы үшін айтыстың және эпостық жырлардың мәдени және әлеуметтік маңызын, оның дәстүрлер мен құндылықтарды сақтау мен берудегі рөлін түсіндіретін 1 бейнеролик жасау (ақпараттық қамту кемінде 5 000 қаралым)** | | | | **260000** | | **260000** | |
| | Сапалы видео дайындау | қызмет | 1 | 200 000 | 200000 | | 200000 | |
| | Әлеуметтік желіде танымал парақшада жариялау | қызмет | 2 | 30 000 | 60000 | | 60000 | |
| | Жиынында: | | | | 6 000 000 | | 6 000 000 | |

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.
Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:
- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
– осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
– осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
– осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;

- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Төраға ________ Құрметұлы Абылай ________ 2024 ж. "23" шілде

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)

Қазақстан Республикасы Атырау ОФ/КҚ Жеті жарғы БСН/БИН 190140009093

CamScanner